



СЫР ТАБИҒАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГАЗЕТ

ОБЩЕСТВЕННО - ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

2013 жылдан бастап шығады ● Апта сайын жарық көреді ● E-mail: syr.tabigaty@gmail.com ● www.syrtabigaty.kz

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР



2025 жылдың басынан бері елімізде «Таза Қазақстан» бастамасы аясында 405 іс-шара өткізілді. Атап айтқанда: «Таза қала», «Таза аймақ», «Таза жағалау», «Қалаға ағаш», «Мөлдір бұлақ», Халықаралық құстар күні, «Жер сағаты» және басқа да акциялар ұйымдастырылды.

Негізгі нәтижелер:
- 121 мың тоннадан астам қалдық жиналды
- 584 мың гектарға жуық аумақ тазартылды
- 1,7 миллионнан астам ағаш көшеті отырғызылды
- Іс-шараларға 1,4 миллионға жуық адам

қатысты, оның ішінде 82 мың ерікті бар. ЖОО мен мектептерде эосағаттар аясында экология департаменттерінің зертханаларына экскурсиялар мен дәрістер өткізілді. 5000-нан астам студент экологиялық мониторинг құралдарымен танысты.

Су айдындарын тазарту кезінде 342 балық аулау торы жиналды, 21 бұлақ қалпына келтірілді, мектеп оқушылары 1982 ұя (құс үйшігі) орнатты.

21-23 сәуір аралығында Астанада Мемлекет басшысының қатысуымен «Таза

Қазақстан» эофестивалі өтті. Көрме алаңында келесідей жобалар таныстырылды:
- Қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату жобалары

- Ірі өнеркәсіптік компаниялардың бастамалары (ERG, ТШО, КПО, Қазахмыс)
- Халықаралық жасыл технологиялар орталығының қолдауымен экостартаптар
- Мектеп оқушыларының экологиялық жобалары.

Көрмені 1500-ден астам адам, соның ішінде елорда ЖОО-лары мен колледждерінің студенттері тамашалады.

«Таза Қазақстан» бастамасы аясында халықпен кері байланыс орнату мақсатында Telegram-да чат-бот жұмыс істеп тұр. Бұл чат-бот арқылы әрбір азамат ластанған аумақтың фотосын және геолокациясын жолдай алады. Өтінімдер автоматты түрде тиісті органдарға жіберіліп, жедел түрде қарастырылады.

Чат-бот іске қосылғаннан бері жүйеге 18322 өтінім келіп түсті, оның 16907-сі орындалды. Чат-ботты ең белсенді қолданатындар - Алматы мен Астана қалаларының, сондай-ақ Түркістан облысының тұрғындары.

Еліміздің таза болашағы үшін белсенділік танытып, үлес қосқандарыңызға алғысымызды білдіреміз!

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар Министрлігі
www.gov.kz материалдар бойынша.

12+ №17(495)
мамыр
21 мая 2025
Сәрсенбі • Среда • Wednesday

ДЛЯ ФИКСАЦИИ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ НАРУШЕНИЙ УСТАНОВЯТ ЕЩЕ 1400 КАМЕР ВИДЕОНАБЛЮДЕНИЯ

ЧИТАЙТЕ НА 2-Й СТРАНИЦЕ

16 МЛРД КУБОМЕТРОВ ТАЛОЙ ВОДЫ НАПРАВИЛИ В ЛИМАНЫ И ОЗЕРА КАЗАХСТАНА

ЧИТАЙТЕ НА 3-Й СТРАНИЦЕ

В КАЗАХСТАНЕ НАЧАЛСЯ ОКОНЧАТЕЛЬНЫЙ ОКОТ САЙГАКОВ

ЧИТАЙТЕ НА 5-Й СТРАНИЦЕ

ЗА ТРИ ГОДА ЧИСЛО ЭКОТУРИСТОВ В КАЗАХСТАНЕ УВЕЛИЧИЛОСЬ НА 40%

В Казахстане наблюдается устойчивый интерес к экологическому туризму, передает агентство Kazinform со ссылкой на пресс-

службу Комитета индустрии туризма Министерства туризма и спорта.

Если в 2022 году количество экотуристов

составляло 2 млн человек, то в 2024 году этот показатель достиг 2,8 млн, что на 40% больше. В 2023 году число экотуристов составило 2,4 млн человек.

Наибольшей популярностью среди путешественников пользуются национальные парки, расположенные вблизи Алматы - Иле-Алатауский, Шарын, Алтын-Емел, а также Кольсайские озера.

В 14 национальных парках страны ведется активное развитие инфраструктуры, ориентированной на принципы устойчивого туризма. Возводятся визит-центры, кемпинги, глэмпинги и другие объекты для комфортного пребывания туристов.

За последние годы построено 8 современных визит-центров, оснащенных информационными системами, маршрутной навигацией и базовой туристской инфраструктурой. Визит-центры предоставляют посетителям сведения о природной экосистеме, местах обитания диких животных, рекомендованных маршрутах и правилах нахождения на особо охраняемых территориях.

Развитие экотуризма способствует сохранению природного наследия, расширяет туристские возможности страны и вносит вклад в устойчивое развитие регионов.

По материалам Ж.Мухамедияровой, inform.kz, фото: Н.Нигматуллиной/Kazinform.



ПРОГНОЗ ПОГОДЫ	Ср., 21 мая 2025	Чт., 22 мая 2025	Пт., 23 мая 2025	Сб., 24 мая 2025	Вс., 25 мая 2025	Пн., 26 мая 2025	Вт., 27 мая 2025
Кызылорда	Малооблачно +35°C +18°C 41% влажн. 749 мм рт.ст.	Ясно +34°C +22°C 34% влажн. 748 мм рт.ст.	Ясно +27°C +16°C 49% влажн. 750 мм рт.ст.	Ясно +29°C +16°C 56% влажн. 751 мм рт.ст.	Ясно +29°C +17°C 52% влажн. 749 мм рт.ст.	Ясно +24°C +15°C 45% влажн. 753 мм рт.ст.	Малооблачно +25°C +13°C 51% влажн. 752 мм рт.ст.

«БЖЗҚ» АҚ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 13 МИЛЛИОННАН АСА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТТІ

«БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) халықпен қарым-қатынас деңгейін жақсарту мақсатында заманауи технологиялар мен сандық шешімдерді көптеп енгізуде. Былғы 1-қаңтар мен ақпанның 28-і аралығында халыққа шамамен 13,7 млн қызмет көрсетілді. Жыл басынан бері көрсетілген қызметтердің 4,8 млн астамы электрондық форматта, 8,6 млн. қызмет автоматты түрде көрсетілген. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы көрсетілген қызметтер санының 98,6% тең болды. Жүзбе-жүз көрсетілетін форматта шамамен 190,3 мың қызмет іске асырылып, оның ішінде тікелей Қордың кеңселерінде 184,7 мың қызмет жүзеге асырылған.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасының қатысушыларына нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар да автоматты түрде есептеледі.

Есепті кезең ішінде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын («Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасы аясында ашылатын НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 529,2 мыңға жетті.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу бұрынғысынша ең танымал қызмет санатында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан шамамен 5,4 млн үзінді көшірме берілді. Оның 4,4 млн астамы - электрондық, ал 865,0 мыңнан астамы автоматты түрде ресімделді.

Салымшылардың (алушылардың) Қор сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинеттен үзінді көшірме алудан басқа өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шотының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтер әлемнің кез-келген нүктесінде 24/7 режимінде қолжетімді.

2025 жылдың қаңтар-ақпан айларында деректемелерді өзгертуге 28,1 мыңнан астам өтініш қабылданып, оның 25,9 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 7,1 мыңнан астам көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған шамамен 148,3 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 7,6 мыңнан астам материал жарияланды.

Салымшылар мен алушылардың кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштерінің саны шамамен 129,2 мың.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтініш бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалып, Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, X(Twitter), Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

БАҚЫЛАУ-КАССА МАШИНАСЫН ЖАҒАРТУ: САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – Комитет) Салық кодексінің 170-бабына сәйкес бақылау-кассалық машиналардың (бұдан әрі – БКМ) мемлекеттік тізілімін жүргізеді, оған БКМ модельдерін қосу және алып тастау арқылы өзгерістер енгізеді.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 208 «БКМ қолдану мәселелері туралы» бұйрығына сәйкес, техникалық талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты салық төлеушілер пайдаланбайтын 98 онлайн емес БКМ моделі мемлекеттік тізілімнен алынып тасталды.

Мемлекеттік тізілімнен шығарылған БКМ модельдерінің тізімі Комитеттің ресми сайтында келесі сілтеме бойынша орналастырылған:

https://kgd.gov.kz/sites/default/files/gosuslugiprilozhenie_ob_isklyucheni_0.docxСонымен қатар, қазіргі уақытта Комитет салық төлеушілерді мемлекеттік тізілімге енгізілген, деректерді беру функциясы бар, техникалық талаптарға сәйкес келетін онлайн БКМ модельдеріне көшіру бойынша жұмыс жүргізуде. Мемлекеттік тізілімге енгізілген онлайн/офлайн БКМ модельдерінің тізімі Комитеттің ресми сайтында келесі сілтеме бойынша орналастырылған:

https://kgd.gov.kz/sites/default/files/gosuslugi/gosreestr_kkm_ru_0-2.docx Комитет Салық кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында ақшалай есеп айырысулар мемлекеттік тізілімге енгізілген, деректерді тіркеу және

(немесе) беру функциясы бар БКМ-ді міндетті түрде қолдана отырып жүргізілетінін еске салады.

БКМ қолдану тәртібін бұзу Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғатынын естеріңізге салады.

Сырдария ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер Басқармасы.

ПРЕЗИДЕНТ ПОДПИСАЛ ЗАКОН: РЕЕСТР КАЗАХСТАНСКИХ ТОВАРОПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ

Главой государства подписан Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам определения страны происхождения товаров», передает агентство Kazinform со ссылкой на пресс-службу Акорды.



Первым блоком поправок внедрен Реестр казахстанских товаропроизводителей как объект информационно-коммуникационной инфраструктуры «электронного правительства», содержащий сведения о казахстанских товаропроизводителях и производимых ими товарах. Товаропроизводителям, включенным в Реестр, будут доступны меры государственной поддержки и обеспечен доступ к госзакупкам и закупкам субъектов квазигосударственного сектора.

В связи с введением Реестра исключены сертификаты СТ-KZ и промышленные сертификаты, ранее использовавшиеся для подтверждения происхождения товара, а также административная ответственность за нарушение порядка при выдаче акта экспертизы.

Второй блок поправок направлен на дальнейшее совершенствование института внутристрановой ценности. В этих целях установлена обязанность крупных заказчиков утверждать и реализовывать программы развития внутристрановой ценности в соответствии с правилами, утверждаемыми Правительством.

Введен новый вид договора, направленный на развитие промышленности, - договор гарантированного закупки. По таким договорам предприятие обрабатывающей промышленности обязуется обеспечить поставку гарантированного объема товаров, произведенных на имеющихся производственных мощностях, на долгосрочной основе.

Третий блок поправок предусматривает внедрение и ведение Общего классификатора товаров, работ и услуг, обеспечивающего единую систему классификации товаров, работ и услуг через систематизацию кодов и наименований.

Основными положительными эффектами от внедрения являются: унификация всех классификаторов; достаточная детализация видов и характеристик товаров и услуг для всех отраслей; прослеживаемость товарооборота; единая номенклатура; возможность корректной классификации и сквозной идентификации прослеживаемости товаров; минимизация теневой экономики. Текст Закона публикуется в печати.

По материалам Р.Дусумова,
inform.kz, фото inbusiness.kz.

ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ ЗА ГОД ВЫРОСЛИ НА 4,18 ТРЛН ТЕНГЕ

По состоянию на 1 марта 2025 года пенсионные накопления казахстанцев превысили 22,68 трлн тенге. За последние 12 месяцев они выросли на сумму порядка 4,18 трлн тенге (или на 22,6%).

Пенсионные накопления, сформированные за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), составили на 1 марта 2025 года более 21,71 трлн тенге, увеличившись за 12 месяцев на 21,4%. Сумма пенсионных накоплений за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) – 650,69 млрд тенге (рост за 12 месяцев – 10,3%). Максимальный прирост за истекшие 12 месяцев (42,8%) показали накопления по добровольным пенсионным взносам (ДПВ), составившие более 8,14 млрд тенге.

Объем обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), поступающих с 1 января 2024 года на пенсионные счета вкладчиков (получателей), составил более 310,13 млрд тенге.

Поступления
Пенсионные взносы на счета вкладчиков за первые 2 месяца 2025 года составили более 497,33 млрд тенге (рост на 19,9% или на 82,46 млрд тенге по сравнению с показателем прошлого года).

На индивидуальные пенсионные счета (ИПС) по учету ОПВ с начала года на 01.03.2025 г. поступило порядка 416,04 млрд тенге (по сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем ОПВ увеличился на 11%), ОППВ – более 22,41 млрд тенге (рост на 10,8%), ДПВ – 600,34 млн тенге (рост на 17,2%). Объем взносов за счет ОПВР за первые 2 месяца 2025 г. составил порядка 58,28 млрд тенге.

Выплаты и переводы
Выплаты по всем видам взносов и переводов в страховые организации из ЕНПФ за январь-февраль

2025 года составили более 260,32 млрд тенге, что больше объема выплат прошлого года аналогичного периода на 129,49 млрд тенге или на 99%.

Порядка 157,89 млрд тенге составляют единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение.

Выплаты в связи с достижением пенсионного возраста составили более 36,98 млрд тенге, что выше показателя прошлого года на 18,8%. Сумма средней ежемесячной выплаты из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста составила 35 616 тенге.

За данный период также осуществлены выплаты по наследству – более 11,93 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – порядка 5,99 млрд тенге, выплаты лицам с инвалидностью – более 551,18 млн тенге, выплаты на погребение – порядка 1,85 млрд тенге. В страховые организации переведена сумма порядка 45,13 млрд тенге.

Количество ИПС
Общее количество пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 марта 2025 года составило более 17,36 млн единиц. При этом количество ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ на 1 марта 2025 г. составило около 12,53 млн единиц, из них: более 11,16 млн – по ОПВ, 724,04 тыс. – по ОППВ, 444,64 тыс. – по ДПВ.

Количество условных пенсионных счетов в ЕНПФ, на которых учитываются сведения о поступивших ОПВР в соответствии с законодательством Республики Казахстан, составило более 4,83 млн единиц.

Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам, в том числе в разрезе регионов республики, размещена на сайте enpf.kz в разделе «Показатели».

Пресс-центр АО «ЕНПФ».

ДЛЯ ФИКСАЦИИ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ НАРУШЕНИЙ УСТАНОВЯТ ЕЩЕ 1400 КАМЕР ВИДЕОНАБЛЮДЕНИЯ

Для улучшения экологической ситуации в Казахстане внедряются современные технологии. Так, Департамент полиции Кызылординской области внедряет цифровые проекты, касающиеся сохранения экологической культуры и укрепления общественного порядка.

Для обеспечения общественной безопасности в Кызылорде



и выявления фактов загрязнения общественных мест в городе установлено 272 камеры видеонаблюдения. Сотрудниками полиции отслеживают экологические нарушения через Центр оперативного управления.

Сообщается, что ведомство планирует расширить сеть камер, что позволит предотвращать экологические нарушения.

Сотрудниками правоохранительных органов организуются профилактические мероприятия по ликвидации отходов в населенных пунктах области, предупреждению нарушений правил благоустройства. В том числе ведется работа по выявлению и предупреждению загрязнения общественных мест, нарушений правил благоустройства, стихийных свалок мусора и источников их образования.

С начала года сотрудниками полиции выявлено 5508 административных правонарушений в этом направлении.

В области охраны общественного порядка в регионе широко используются элементы искусственного интеллекта. В пилотном режиме установлена новая система на 40 камер видеонаблюдения Центра оперативного управления управления полиции. Это позволяет обрабатывать и анализировать видеопоток камер видеонаблюдения.

По поручению акима области для обеспечения безопасности населения и поддержания чистоты до конца года установят 1400 камер видеонаблюдения, а с помощью новой системы с искусственным интеллектом будет полностью запущена функция автоматического выявления фактов загрязнения общественных мест.

Напомним, впервые в республике при поддержке акима области в 2024 году во всех 7 районных центрах установлено 539 камер видеонаблюдения, в районные отделы полиции введены в эксплуатацию новые малые центры оперативного управления.

По материалам А.Жармановой,
Kyzylorda-news.kz, фото freepik.com.

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА САНИТАРИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

Балалардың демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жазғы каникул балалардың жылдық бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қызықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең. Жаз айлары мектеп оқушылары үшін ерекше ықыласпен күтілетін уақыт. Жыл бойы сабақ барысындағы тоқсан арасындағы берілетін күндер демалыс болып есептелгенмен, жаз кезінде демалыстың мол мүмкіндігін бере алмайды. Жазғы демалыс - мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана - сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Сонымен қатар, жазғы демалыс - балалардың жұмсалған күшінің орнын толтыру, денсаулығын нығайтып, оларды сауықтыру кезеңі болып табылады. Қазіргі таңда денсаулық тек қана адамның бойында ешбір сырқаттардың жоқтығы ретінде емес, ол - адамның толық физикалық, рухани, әлеуметтік жағдайы ретінде қарастырылады. Лагерь - кез келген балаға өзін көрсетуге, өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі көрсете білудің жоғары деңгейіне жақындау мүмкіндігін береді. Сол себепті жазғы демалыс бала үшін денсаулығын нығайтуға



қолайлы кез ретінде қарастырылып, оның дара тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайды. Оқушылардың күндізгі уақытын өткізуге арналған лагерьде олардың демалысын барынша оңтайлы өткізуге барлық жағдай жасалған. Қала сыртындағы орындарының негізгі міндеттері - балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін іске асыруы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге, олардың тиімді демалысын және бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға бағытталды. Объекттер аумағында тікенекті бұталарды, түлдегенде мамықты тұқымдар беретін жасыл желектерді (ағаштарды, бұталарды) отырғызбайды. Сауықтыру объектісінің ашылуы алдында және ары қарай көрсеткіштер бойынша аумақты дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық өңдеу жүргізуді ұйымдастырады. Объектілердің аумағы тазалықта ұсталыды. Сауықтыру науқаны басталар алдында және әрбір ауысым аяқталған соң техникалық

персонал күрделі жинау жүргізеді. Күн режимі балалардың жас ерекшелігіне байланысты құрылады. Дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары жоспары дәрігермен келісіледі және мынадай іс-шараларды қамтиды:

- 1) таңертеңгі гимнастика;
 - 2) шынықтыру емшаралары;
 - 3) қозғалыс ойындары және дене дайындығының әр түрімен айналысу;
 - 4) спорт, емдік дене шынықтыру, жүзуге үйрету;
 - 5) серуендер, экскурсиялар, жорықтар;
 - 6) спорттық жарыстар және мерекелер.
- Маңызды мәселелердің бірі ол тамақтану жағдайларына қойылатын талаптар. Тамақтану толыққанды, сапалы, бала ағзасына арналған болуы керек. Балалар мен жасөспірімдерді дұрыс тамақтандыру олардың денсаулығын нығайтып, дене және ой қабілетінің дамуына мүмкіндік береді, еңбек ету мен сабақ үлгеру қабілетін арттырады. Егер тамақтану дұрыс ұйымдастырылмаса, тиімсіз яғни, жеткіліксіз болса, зат алмасу бұзылып, оның айналадағы ортаның зиянды әсеріне және әртүрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұрарлық қабілеті төмендейді. Тамақтану арасындағы интервал 3,5-4 сағаттан асырмай, қосымша екінің таңғы ас немесе кешкі ас бар кемінде бес реттік тамақтандыру жүргізілуі қажет. Күн сайын тамақтану рационалына ет, сүт, сары май және өсімдік майы, қара бидай және (немесе) бидай наны, көкөністер және қант қосу. Балық, жұмыртқа, ірімшік, сүзбе, құстың еті екі-жеті күнде бір рет қосылу қажет. Гиповитаминоздың алдын алу және балаларды тиімді сауықтыру мақсатында салқындатылған сусындарды (компот, кисель) "С" витаминмен жасанды витаминдеу жүргізілуі қажет. Тамақтану арасындағы интервал 3,5-4 сағаттан асырмай, балаларды жазғы сауықтыру лагеріне жіберген кезде сіз баламен жеке гигиенаны сақтаудың қарапайым ережелері туралы профилактикалық әңгіме жүргізуіңіз керек, атап айтқанда: тамақтанар алдында және дәрхананаға барғаннан кейін қолды жуу, көкөністер мен жемістерді тұтынар алдында ағынды сумен жасылап шаю, сауықтыру лагерлерінің аумағында өсетін жемістерді пайдалануға тыйым салу. Бассейнде шомылғаннан кейін сабынмен себезгі ванналарын міндетті түрде қабылдау, басқа адамдардың жеке гигиена заттарын (тарақтар, тіс щеткалары және т.б.) және киімдерін пайдаланбау, туристік жорыққа шыққан кезде дененің барлық ашық бөліктерін жабу (бридждерді шұлыққа салу, ұзын және түймеленетін блузклар кию). Ішек инфекциясының белгілері пайда болған кезде (әлсіздік, жүрек айну, құсу), дене температурасының жоғарылауы және т.б. дереу медициналық көмекке жүгіну керек. Біз балаларымызды қарапайым өмірлік дағдыларды, соның ішінде жеке гигиена туралы біліммен қаруландырып, балаларымызға қауіпсіз және пайдалы демалысты қамтамасыз етуіміз қажет! Балалардың дені ерқашан сау болсын!!!

Жаздағы жақсы демалыс - жыл бойына қажетті күш-қуат. «Жаз жайнапты, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз» деп ән салдырған көңілді жаз мезгілінде бала демалысы осылайша жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керек.

Гаухар Жұмаханқызы ОМАРОВА,
Жаңақорған аудандық СЭББ жетекші маманы.

ЖІТІ ІШЕК ИНФЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Жіті ішек инфекциялары (ЖИИ) адамның ағзасына ауыз арқылы келіп түсетін, әртүрлі бактериялар есебінен орын алатын жіті ішек инфекцияларының аурулар тобы. Олар дәреттің бұзылуымен қоса, асқазан-ішек жолдарының зақымдалуына әкеп соғады. ЖИИ негізгі қоздығыштары Enterobacteriaceae тобының өкілдері болып табылады, сонымен қатар басқа да микроорганизмдер, соның ішінде вирус болуы мүмкін. Ол асқазан-ішек жолдарының зақымдалуымен сипатталады. Көптеген жағдайларда диарея және ағзаның



улануына әкеледі. Кейде патогендік және шартты патогендік қоздығыштардың бөлінуімен - бактерияның (вирус иеленушілік) ілесуімен ауру ағыны симптомсыз жүреді. ЖИИ вирустық этиологиясында ішектің зақымдануымен қатар жоғары тыныс жолдары: ауыз вирусы инфекцияларында - таңдай, доғашық, тілшік, ал аденовирустік инфекциялары кезінде - трахеобронхит тарапынан өзгерістер байқалады. Жіті ішек инфекцияларының алдын алу кездейсоқ және

топтық аурулардың тууы кезінде сырқаттанушылық деңгейіне тәуелсіз тұрақты түрде жүргізілетін жалпы санитарлық және медициналық іс-шаралардан тұрады.

Алдын алу шаралары кешенінде инфекцияның таралу жолдарын бөгегеу бағытталған санитарлық-гигиеналық шаралар негізгі болып табылады. Науқас адамдар ерқашан медициналық көмекке жүгінбейді, жиі туыстарының, таныстарының кеңесі бойынша үй жағдайында «емделеді». Бұл жағдай науқастарды уақытылы анықтауды қиындатады және инфекцияның таралуына ықпал етеді. Жіті ішек инфекциялары ауруларының алдын алу үшін бірінші кезекте жеке бастың гигиена ережелерін сақтау қажет, әсіресе ыстық жаз айларында. Құдықтан, бөгеттен, өзендер мен басқа да су қоймаларынан қайнамаған суды ішуге болмайды. Алайда ашық және лас ыдыста сақталған қайнаған судың өзі де лас әрі зақымдану көзі болуы мүмкін. Жеміс-жидектер мен көкөністерді суық су ағынында немесе ыстық сумен мұқият жуу керек. Әсіресе, жылулық өңдеуден өтпейтін (нан, көкөністер, жемістер және т.б.) тағамдарға пайдаланылатын азық-түліктің тазалығын қадағалап отыру өте маңызды. Барлық тез бұзылатын азық-түліктерді, дайын тағамдарды тоназытқышқа сақтау керек, яғни 2С - 8С температураларда - суық азық-түлікке түскен микробтардың көбеюін тежейді. Шыбындардың - инфекция таратушы екені баршаға мәлім. Олар елді мекендерде өте көп, әсіресе ауылдық жерлерде. Алайда осы насекомдармен күрес үлкен шығынды немесе күрделі жұмысты қажет етпейді. Қоқыс жинағыштар, дәретханалар және т.б. қоғамдық орындар қаншалықты лас болса, шыбындардың көбеюіне соңшалықты жағдай жасалған деуге болады. ЖИИ алдын алу үшін: тазалықты сақтау, азық-түлікті дұрыс сақтау және қалдықтарды уақытылы шығару қажет. Шыбындар үйге кірмеуі үшін терезелерге тор құру және дезинсекциялық құралдарды қолдану керек.

К. ИСКАКОВА,
Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы.

16 МЛРД КУБОМЕТРОВ ТАЛОЙ ВОДЫ НАПРАВИЛИ В ЛИМАНЫ И ОЗЕРА КАЗАХСТАНА

Около 16 млрд кубометров талой воды направили в лиманы и озера страны, передает «24KZ». Больше всего сбросов сделали в водохранилища Кызылординской, Жамбылской и Павлодарской областей. Об этом сообщил министр водных ресурсов и ирригации Нуржан Нуржигитов на заседании Правительства. В



Балхаш поступило почти 4 млрд кубов воды, уровень озера поднялся на 12 сантиметров. В целом запасы

воды в южных регионах стабильны: водохранилища Алматинской области и Жетысу заполнены на 99%, в Жамбылской - на 90%, что выше прошлогодних показателей. Казахстан также договорился с соседними странами о дополнительных объемах на поливной сезон. Почти 4 млрд кубометров поступят по реке Сырдарье из Таджикистана, Туркменистана и Узбекистана. Олжас Бектенов, Премьер-министр РК: - Обеспечение фермеров необходимыми водными ресурсами имеет огромное значение. В условиях усиливающихся климатических вызовов и сокращения доступных водных ресурсов успешное прохождение вегетационного периода приобретает особую актуальность. Решение этой проблемы требует системного подхода. Необходимо принять меры по снижению зависимости от влаголюбивых культур, активизировать разъяснительную работу среди фермеров по переходу на засухоустойчивые агротехнологии, мобилизовав научные институты.

По материалам www.24.kz.

"ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІМЕН ИМПОРТТЫҚ-ЭКСПОРТТЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ ТАУАРЛАРҒА ІЛЕСПЕ ЖҮКҚҰЖАТТАРДЫ МІНДЕТТІ РЕСІМДЕУ ЖӘНЕ 328-НЫСАН БОЙЫНША ТАУАРЛАРДЫ ЭКЕЛУ ЖӘНЕ ЖАНАМА САЛЫҚТАРДЫ ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ БЕРУ"

Біздің өңірдің көптеген салық төлеушілері Қазақстаннан басқа Армения, Беларусь, Қырғызстан және Ресей кіретін Еуразиялық экономикалық Одақ (бұдан әрі - ЕАЭО) елдерінің іскер әріптестерімен мықты сыртқы экономикалық байланыстарға ие. ЕАЭО елдері арасындағы тауар айналымы кедендік декларациялауға жатпайды.

Экономиканы дамыту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қабылданған халықаралық міндеттемелерді сақтау, бюджетті салықтармен толықтыру, тауарлардың есебін жүргізу және сыртқы сауда айналымы статистикасын жүргізу мақсатында біздің мемлекетіміз бен қоғамымыз кәсіпкерлік субъектілері ретінде мемлекеттік кірістер органдарында (бұдан әрі - МКК) тіркелген отандық салық төлеушілер жүзеге асыратын тауарлардың сыртқы сауда айналымы туралы ақпаратты жедел иеленуі қажет. Бұл мәселелердің қарапайым шешімі кәсіпкерлердің нысаны мен мазмұны кедендік декларациялардан әлдеқайда жеңіл тауарларға ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеуі болды, олар ЕАЭО-ға кірмейтін елдермен тауарлар айналымы кезінде ресімделеді.

Қазақстанда 2023 жылғы 1 сәуірден бастап отандық кәсіпкерлердің тауарларға ілеспе жүкқұжаттарды (бұдан әрі - ТІЖ) оларды елге ЕАЭО-ның басқа елдерінен әкелу және оларды елден ЕАЭО-ның басқа елдеріне әкету кезінде міндетті түрде ресімдеуі енгізілді (ҚР ҚМ 2022 жылғы 22 қарашадағы № 1178 бұйрығы; ҚР ҚМ 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Бұйрығы № 1424).

Яғни, тауарлардың қозғалысына салықтық бақылау жүзеге асырылады, мысалы, оны әкелуден бастап тұтынушының сатуына (пайдалануына) немесе оны өндіруден (сатып алудан) бастап әкелуге дейін.

ТІЖ міндетті түрде тауарларды Қазақстанға әкелуге және тауарларды кәсіпкерлік мақсатта автомобиль, теміржол және авиациялық көлік түрлерімен, оның ішінде пошта қызметінің қызметтерін пайдалану кезінде Қазақстаннан әкелуге ресімделеді.

ТІЖ ресімдеу "Электрондық шот - фактуралар" ақпараттық жүйесінің «ТІЖ» кіші жүйесінде (бұдан әрі - ЭШФ АЖ) жүзеге асырылады. ЭШҚ-ның пайдалану отырып, кәсіпкерлер ТІЖ ресімдеуді өз бетінше жүзеге асырады, оның белгіленген нысанының бағдарымен дәйекті толтырады. ҚР Мемлекеттік шекарасын (бұдан әрі - Шекара) автокөліктерді өткізу пункттерінде (бұдан әрі - АӨП) кесіп өткен кезде Шекара қызметінің қызметкерлері мемлекеттік бақылаудан өткені туралы талон (бұдан әрі - Талон) береді. Талонды тасымалдаушы 1 дана толтырады. Талонға Шекара қызметі бөлімшесінің мөртаңбасы қойылады, оған АӨП атауы және автокөліктің шекарадан өту күні көрсетіледі. Шекараны кесіп өту күні талон негізінде айқындалады.

АӨП-дағы МКҚ қызметкерлері ақпараттық жүйеде тауарларға ілеспе жүкқұжатты растайды, оны импорттаушы ЭШФ АЖ порталында тауар шекарадан өткенге дейін ресімдейді. Көліктің басқа түрлері бойынша (т/ж, авиа және т.б.) МКҚБ қызметкерінің ТІЖ-ны растауы талап етілмейді.

Алайда, жоғарыда айтылғандай, тауарларды жеткізудің осы түрлері үшін ТІЖ ұсынылуы міндетті. Салық төлеуші тауарларды әкелу айынан кейінгі айдың 20-күннен кешіктірмей тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті өзінің тіркелген жері бойынша МКҚ-ға 328-нысан бойынша ұсынады және 12% мөлшерінде ҚҚС төлейді. Салық төлеушіде тауарға ақша төлеу және ҚҚС төлеу туралы банктен 12% үзінді көшірме, жет әріптестен шарт (келісім-шарт), шот-фактура, тауар-көлік жүкқұжатты және басқа да көлік құжаттары болуы тиіс.

Қазақстанға ЕАЭО-ның басқа елдерінен импортталатын сатып алынған тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты құнын төмендетуді болдырмау, сондай-ақ адал кәсіпкерлер мен өндірушілер үшін тең емес бәсекелестік жағдайларды жою мақсатында МКҚ ел Үкіметі бекітетін бағалардың ең төменгі деңгейін қолданатынына назар аударуды сұраймыз (ҚР Салық кодексінің 444-бабының 2-тармағы; ҚР Үкіметінің 14.12.2021 жылғы Қаулысы №882 "Бағалардың ең төменгі деңгейі қолданылатын тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесін бекіту туралы" (бұдан әрі - Қаулы немесе БЕТД) және "Сатып алынған тауарлардың құнын айқындау үшін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты бағалардың ең төменгі деңгейін қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м. а. 2021 жылғы 16 қарашадағы № 594-НҚ бұйрығы).

БЕТД тауарларының тізбесіне спирт концентрациясы 80% - дан кем коньяк, арақ, этил спирті, спирт концентрациясы 80% немесе одан көп этил спирті кіреді; 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап БЕТД бидай, күнбағыс майы, жұмыртқа, ашытқы және ұнға қатысты да ерекет етеді.

Өкінішке орай, бірнеше рет ескертулер мен түсіндірулерге қарамастан, біздің өңірдің кей бір кәсіпкерлері ТІЖ-ны міндетті түрде ұсыну талаптарын сақтамайды. 2024 жылы Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаментінің аумақтық бөлімшелерімен ЕАЭО елдерімен темір жол көлігімен импорттық - экспорттық операцияларды жүргізу кезінде 2023 жылғы 1 сәуірден бастап ТІЖ ұсынбау фактілерінің едәуір саны анықталды. Нәтижесінде МКО 89 ұшінбалық іс қозғалып, соттарға қарау үшін берілген ("Өкімшілік құқық бұзушылық туралы" ҚР Кодексінің 283-1-бабы). Аталған істерді қарау нәтижесінде соттар 3 159 664 тенге сомасына әкімшілік айыппұлдарды салып және өндіріп алды.

Қазіргі уақытта Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті облыс кәсіпкерлері 2024 жылы темір жол көлігімен жүзеге асырған сыртқы сауда айналымы бойынша осындай жұмысты жүзеге асырды. Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті өз құзыреті шеңберінде салық және кеден заңнамасын саласында туындайтын мәселелер бойынша келу режимінде де, қашықтан да салық төлеушілерге әрдайым өтеуісіз практикалық және консультациялық көмек көрсетеді.

Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, басқа мемлекеттік органдар мен бизнес - қауымдастықтардың алаңдары және т.б. кеңінен қолданылады.

Сонымен қатар, облыс департаменті салық және кеден істер саласындағы құқықтық қатынастардың барлық қатысушыларынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын мұлткісіз сақтауды сұрайды.

К. ДҮРМЕНБАЕВ,
Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті ЕАЭО шеңберінде ҚҚС әкімшілендіру Басқармасының басшысы.

"Чекті талап етіңіз, жүлдені ұтып алыңыз" акциясы қайтадан іске қосылды! Тек екі шарты бар: «Ami» қосымшасын және берілген күні 24 сағаттан аспайтын кез-келген фискалдық чекті қосымшаға жүктесеңіз болды, сіз науқанға қатысушы болып шыға келесіз! Күн сайын 5 мың теңгеден 10 мың теңгеге дейін ұтыс ойыны қарастырылған. Бұнымен қоса, тоқсанына бір мәрте Қазақстанның әр облысында қосымшаға жүктелген фискалдық чектер саны бойынша көшбасшы айқындалатын болады. Ол 100 мың теңге көлемінде сыйақы алады. Күн сайын Чекті талап етіңіз және нақты ақшаны, нақты ақшаны ұтып алыңыз!

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті.

Акция "Требуи чек, выиграй приз" снова работает! Всего два условия: приобрести «Ami» и любой фискальный чек с датой выдачи не более 24 часов загруженный в приложение и всё вы уже участник акции. Каждый день розыгрыш от 5 до 10 тысяч тенге. И это еще не всё, раз в квартал в каждой области Казахстана будет определен лидер по количеству фискальных чеков, загруженных в приложение. Он получит вознаграждение в размере 100 тысяч тенге. Требуи чек каждый день и выигравай реальные деньги, реальные деньги!

Департамент государственных доходов по Кызылординской области.

БИЫЛ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКТЕПТЕ КӘСІБИ БАҒДАР ЖЕКЕ ПӘН БОЛЫП ЕНГІЗІЛЕДІ



Қазақстан Республикасының Президенті 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялап, мектептерде кәсіби бағдар беру жұмыстарын күшейтуге ерекше назар аударды. Ел Президентінің тапсырмасына сәйкес, мектептерде профориентолог мамандығын енгізу жоспарланып отыр. Бұл бастама жастарды еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтарға бағыттауға мүмкіндік береді және еліміздің адами капиталын дамытуға серпін бермек.

Осы бастамаларды қолдау мақсатында Қазақстанның барлық өңірінен педагогтар, профориентологтар, психологтар және білім беру саласының мамандары үшін үлкен мүмкіндік - II Республикалық кәсіби бағдар берушілер форумы ұйымдастырылды. Форум биылғы жылдың ең маңызды кәсіби дамуға арналған іс-шараларының бірі болды.



«Мамандық - адам өмірінің үштен бір бөлігін құрайды. Мәселен, бір тәулікте 24 сағат болса, онда соның үштен бір бөлігі, яғни 8 сағаты біздің мамандығымызға арналады екен. Қазіргі басты проблемалардың бірі – мектепті бітірейін деп отырған тұлғалардың болашақта қандай мамандықтарға бара алады және қалай грантка түсе алады деген мәселе. Биылдан бастап еліміздің әр мектебінде педагог-профориентолог деген кызмет түрі ашылып, осы мамандар ресми түрде жұмыс істей бастайды. Қазіргі кезде осы сала мемлекеттік деңгейде қолдау тауып жатқаны бізді қатты қуантады», - деп атап өтті форумда Профориентологтар қауымдастығының басқарма төрайымы Жадыра Тойбай.

Республикалық форум да осы мақсатта ұйымдастырылып отыр. Іс-шара мақсаты - Қазақстанда жұмыс істеп жатқан барлық кәсіптік бағдар беруші маманның барынша басын қосу, нетворкинг орнату, осы салада болып жатқан проблемаларды талқылау және оның қандай шешімдері барын ұсыну болды.



Форумда заманауи профориентация әдістемелері, грант сарапшысы болудың мүмкіндіктері мен жетістіктері, 2025- жұмысшы мамандықтар жылы: сұранысқа ие салалар, жасанды интеллекттің еңбек нарығына ықпалы, мектеп профориентологының рөлі және маңызы сынды тақырыптар қамтылды.

«Профориентация - арнайы тестер арқылы баланың қабілетіне сай келетін мамандықтарды таңдап беретін сала. Ал профориентолог соны іске асыратын маман. Профориентолог қандай әдістеме қолдану керек? Форум аясында сол әдістемелерді талқылады. Сонымен қатар қазір жасанды интеллект дәуірі. ЖИ арқылы тез әрі сапалы баланың бағытын қалай анықтауға көмектесуге болады, сондай тестілердің түрін де ұсындық» - деді Жадыра Тойбай.

Сонымен қатар, форумға ҰБТ-дан алған баллына қарай грантка түсу мүмкіндіктеріне, гант түрлеріне қатысты ақпараттар айтылды. Осы саланың жетекші сарапшылары қатысып, өз тәжірибелерін бөлісті.

Бұл форум аясында Қазақстан бойынша келген жылдың үздік профориентологтары марапатталып, осы сала бойынша біліктілігін арттырған мамандарға арнайы сертификаттар табысталды.

Әлия КЕМЕЛБЕКОВА
материалдар бойынша.

ДЕЗИНФЕКЦИЯ, ДЕРАТИЗАЦИЯ, ДЕЗИНСЕКЦИЯ



Дезинфекция (залалсыздандыру) дегеніміз - сыртқы ортада инфекциялық және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын әртүрлі дезинфекциялық препараттарды және құрал-жабдықтарды қолдана отырып жоюға бағытталған шаралар жүйесі. Яғни жұқпалы және паразитарлық аурулардың кең таралып кетуін болдырмау үшін қолданылатын шаралардың бірі.

Қолдану мақсатына қарай дезинфекция (залалсыздандыру) екі түрге бөлінеді: сақтық (профилактикалық) залалсыздандыру және ошақтық залалсыздандыру (күнделікті немесе ағымдық және қорытынды).

Сақтық (профилактикалық) залалсыздандыру шаралары емдеу-сауықтыру мекемелерінде ауруханаішілік инфекцияның алдын-алу мақсатымен жүргізіледі.

Ошақтық залалсыздандырудың ағымдық түрінде инфекциялық және паразиттік ауру ошағындағы ағымдағы дезинфекциялауды науқасты күтетін адам немесе бактерия тасымалдаушы науқасты анықтаған сәттен бастап ауруханаға жатқызғанға дейін, үйде емдеу кезінде - сауыққанға дейін, бактерия тасымалдаушыларда - толық санацияға дейін жүргізеді.

Жұқпалы және паразитарлық аурулар ошақтарында қорытынды дезинфекция науқас ауруханаға емдеуге жатқызылып, оқшауланғаннан кейін, науқасты бір бөлімшеден екінші бөлімшеге ауыстырғаннан кейін, сондай-ақ науқас қайтыс болған кезден бастап бір тәулік ішінде жүзеге асырылады.

Дератизация - індет ауруларын тарататын кеміргіштерді (егеуқұйрық, тышқан, саршұнақ және т.б.) жоюға немесе санын азайтуға бағытталған іс-

шараларының кешені. Дератизация кеміргіштер тарататын түрлі аурулардың (оба, туляремия, құтыру, сарып, күйдіргі, сальмонеллез, т.б.) қоздырғыштарын дер кезінде құрту, олардан сақтандыру үшін жүргізіледі. Сақтандыру үшін тұрғын үйлер мен ғимараттардың астындағы жертелелерді, қоймаларды, мал мен құс қораларын таза ұстап, азықты тышқан кіре алмайтын қоймаларда сақтайды.

Дезинсекция (ауру қоздырғыштарын тарататын зиянды жәндіктерді жою үшін мал фермаларында, құс фабрикаларында, ет комбинаттарында, қоймаларда, т.б. қолданылатын малдәрігерлік-санитарлық шаралардың бірі. Дезинсекцияның мақсаты - ауру қоздырып, тарататын жәндіктерді жою және олардың өсіп-өнуіне, көбеюіне жол бермеу. Дезинсекция шарасы өндірістік, тұрғын үй-жайларда, ғимараттарда, құрылыстарда, көлікте, қалалық және ауылдық мекен аумақтарында, су қоймаларын, сондай-ақ синантропты буынаықтар мен кеміргіштердің табиғи мекендеу орындарын қоса алғанда, оларға іргелес ашық табиғат учаскелерінде жүргізіледі.

Дезинфекция, дератизация, дезинсекция жұмыстарын қалалар мен жергілікті жерлерде осы шараны жүргізуге арнайы рұқсаты бар мекемелер мен жеке кәсіпкерлер жүргізеді. Осы шараларды жүргізу кезінде төмендегі жалпы қауіпсіздік шаралары сақталуы тиіс:

1. Жұмыс жүргізу үшін жасы 18- ден кем емес арнайы медициналық талаптарға сай, арнайы тексеруден өткен адам ғана осы жұмысқа босатылады.

2. Мамандығы бойынша рұқсат қағазын алған тұлға ғана жұмыс істеуге құқылы болып табылады. Жұмысқа кіріспес бұрын қызметкер арнайы оқу-тәжірибеден өткен және де еңбек ережелерімен танысқан болуы керек.

Дезинфекция, дератизация, дезинсекциялық жұмыстарын жүргізетін адамдар жұмыс істеу барысында арнайы киіммен: халат, аяқ киім, респираторлар, резиналық қолғаптар, көзілдіріктер киюі қажет және жеке жеке бас қауіпсіздік заттарымен (СИЗ) қамтамасыз етілуі тиіс.

Дезинфекциялық, дератизациялық, дезинсекциялық шараларға қолданылатын улы препараттар желдетілетін, стеллаждармен, сөрелермен, шкафтармен жабылған арнайы үй-жайларда, қоймаларда сақталу керек.

Қ.ОМАРОВА,
Сырдария аудандық СЭББ
басшы орынбасары.

БОТУЛИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ

Ботулизм - жалпы организмнің улануына әкеліп соғатын инфекциялық аурудың ауыр түрі. Ботулизм Clostridium botulinum таяқшасы бөліп шығаратын улы затпен (токсин) бүлінген тамақтан жұғады. Ботулизм адамдарға көкөністен, саңырауқұлақтан, еттен, балықтан технологиялық ереже сақталмай дайындалған әр түрлі консервіленген тағамдарды пайдаланғанда жұғады. Ауру белгісі 2-12 сағаттан кейін байқала бастайды, адамның басы ауырып, ұйқысы қашады, әлсірейді, лоқсып құсады, жүрегі тоқтап қалғандай болып, аузы құрғап, үнемі шөлдеп тұрады.

Сонымен қатар көздің қарашығы ұлғайып, зат қосарланып көрінеді, адамның жұтынуы қиындап, бірте-бірте даусынан айрылады. Ботулизмнің алғашқы белгісі білінісімен науқасты ауруханаға жатқызу керек. Оған жедел түрде Ботулизмге қарсы арнаулы иммунды сарысу егіледі. Мұндай сарысуды науқаспен бірге болып, уланған консервімен тамақтанған басқа адамдарға да егу қажет. Бұл аурудан сақтану үшін азық-түліктерді өңдегенде, тасымалдағанда, сақтағанда, дайындағанда, соның ішінде үйде консервіленген санитарлық-гигиеналық ережелерді мұқият орындау қажет. Ботулизм ауруы-бұл тамақтан уланудың ауыр түрі, уақытында дәрігерге көрінбесе өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Ботулизм ауруының алдын алу жолдары: санитариялық тазалықты сақтау, тамақ өнімдерін консервілеуде технологиялық процесті қатаң сақтау, консервіленген өнімдерді сақталуын



қадағалау, жылы, ыстық орындарда сақтамау; сауда объектілерінен үй жағдайында дайындалған консервіленген саңырауқұлақ, көкөніс, салат, ет, балық өнімдерін сатып алмау; консервіленген салаттарды пайдаланған кезде сақтайтын, пайдаланатын уақыт мерзімін қараныз; консервіленген өнімдерді пайдалану алдында қақпағы күмпиген (ісінген) бомбаж және «бұлыңғыр» түрдегі өнімдерді пайдаланбау.

Жанар Пермебайқызы БИСЕНБАЙ,
Сырдария аудандық СЭББ
жетекші маманы.

ПРОВЕДЕНЫ ПЕРЕГОВОРЫ ПО ЭКОЛОГИЧЕСКИМ ПРОЕКТАМ СО СПЕЦИАЛИСТАМИ ИЗ-ЗА РУБЕЖА



Кызылординский университет имени Коркыт ата посетили представители итальянской компании SogesidSpA. Гости приняли Проректор по научной работе и международным связям Майнура Бурибаева и Проректор по стратегическому развитию и ИТ Махмуд Томанов.

Во встрече приняли участие dr.ssa Gabriella Rossi Crespi, Carlotta Ridolfi (SogesidSpA), и Алим Сайдыбаев (Qazaq Carbon). Стороны провели переговоры по экологическим вопросам Аральского моря, пилотным программам и расширению сотрудничества в области охраны окружающей среды.

Главная цель - реализация совместных проектов в сочетании с опытом Казахстана и Италии.

По материалам Kyzylorda-news.kz.

ОҚУШЫНЫҢ ҮНІН БИЛІК ЕСТҮІ ТИІС: "МЕКТЕПКЕ ҚАУІПСІЗ ЖОЛ" ЖОБАСЫ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?



Қызылордалық оқушы Тәуекел Аяулым Ерланқызы жол қауіпсіздігін арттыруға бағытталған әлеуметтік жобаны қолға алды. Назарбаев Зияткерлік мектебінің жоғары сынып оқушысы қазіргі таңда «Мектепке қауіпсіз жол» атты бастаманы жүзеге асырып жүр. Бұл жоба оқушылардың мектеп пен үй арасында қауіпсіз жүріп-тұруын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жас белсенді қолға алған бастама әлемдік деңгейде мойындалған Vision Zero тұжырымдамасына негізделген. Бұл тұжырымдама алғаш рет Швецияда қабылданып, бүгінде көптеген елдерде жол-көлік оқиғаларынан болатын өлім мен ауыр жарақаттарды нөлге дейін қысқартуға бағытталған.

- «Мен өзім тұратын ауданда жаяу жүргіншілер үшін қауіпсіздіктің қаншалықты төмен деңгейде екенін байқадым. Әсіресе мектеп оқушылары үшін қауіп көп. Сондықтан нақты қадамдарға бару қажет болды», - дейді Аяулым.

Ол алғашқы зерттеуін өзі тұратын аумақтың 500 метр радиусында жүргізген. Жобаның алғашқы кезеңінде:

Оқушылар, ата-аналар мен тұрғындар арасында сауалнама жүргізілді;

Қауіпті аймақтар анықталып, картаға түсірілді;

Учаскелік инспектор мен қалалық мәслихат депутатының пікірлері жиналды;

Ата-аналар комитетінің өкілдерімен кездесулер өтті;

Жастар көшбасшыларымен серіктестік орнатылды.

Басты проблемалар қандай?

Жоба аясында келесі мәселелер тіркелген:

Мектеп маңындағы көліктердің бейберекет тұрақта тұруы; Жаяу жүргінші жолақтарының нашар көрінуі, арнайы белгілердің жоқтығы;

Кешкі уақытта көше шамдарының жеткіліксіздігі;

Қаланың орталық бөлігінде қозғалыс ережелерінің сақталмауы.

Бұл мәселелердің барлығы картаға түсіріліп, деректер нақты ұсыныстармен бірге тиісті басқармаларға жолданбақ.

- «Қоғам жастардың үнін естігісі келсе, олардың бастамаларына құлақ асып, нақты қолдау көрсетуі тиіс. Қауіпсіз орта құру - тек билік міндеті емес, бұл - барша қоғамның жауапкершілігі», - дейді Аяулым.

Алда не күтіп тұр?

Жас белсенді Vision Zero қағидаларына сүйене отырып, 10 нақты ұсыныс дайындап жатыр. Бұл ұсыныстар жергілікті атқарушы органдарға жолданып, олардың орындалуын қоғамдық бақылау арқылы қадағалау жоспарда бар.

Сонымен қатар, Аяулым ата-аналар мен оқушылар үшін ақпараттық сессиялар өткізіп, қауіпсіз жүріс-тұрыс мәдениетін дамытуға үлес қоспақ.

Қорытынды:

Жас белсенді Тәуекел Аяулымның бастамасы - бүгінгі жастардың қоғам өміріне бейжай қарамай, нақты әрекетке көшуінің жарқын мысалы. Оқушының үні естілуі тиіс. Себебі жастар - тек болашақ емес, бүгінгі күннің де маңызды қозғаушы күші.

СТ материалдар бойынша.

В КАЗАХСТАНЕ НАЧАЛСЯ ОКОТ САЙГАКОВ



Сайгак - один из самых древних обитателей казахстанской степи. Следует отметить, что сегодня более 98% всей мировой популяции обитает именно в Казахстане, передает агентство Kazinform.

Как сообщили в Комитете лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, в начале мая на территории обитания Бетпақдалинской, Устюртской и Уральской популяций начался окот сайгаков. В этот период инспекторами РГКП ПО «Охотзоопром» организовано круглосуточное дежурство в местах массового окота.

Окот сайгаков продолжится предположительно до конца мая.

Напомним, ранее эксперт из Германии высказался, что оптимальная численность сайгаков, вероятно, выше, чем предполагается. По данным Минэкологии, численность сайгаков в Казахстане достигла 4,1 млн особей.

По материалам А.Сердалиной, inform.kz, фото: Kazinform.

ДОЛЯ НАКОПЛЕННОГО ЧИСТОГО ИНВЕСТИЦИОННОГО ДОХОДА В ОБЩЕМ ОБЪЕМЕ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ КАЗАХСТАНЦЕВ РАСТЕТ

Из года в год растет объем пенсионных накоплений, а также доля в нем инвестиционного дохода. Накопленный с 2014 года (после объединения пенсионных активов в ЕНПФ) чистый инвестиционный доход по состоянию на 1 марта 2025 г. составил 11,46 трлн тенге (для сравнения - на 01.03.2024 г. он составил 8,83 трлн тенге). С учетом осуществленных выплат доля накопленного чистого инвестиционного дохода в общем объеме пенсионных накоплений казахстанцев по состоянию на 1 марта 2025 г. составляет 40,3%, что демонстрирует значительную роль инвестиционной деятельности в структуре накоплений граждан (на 01.03.2024 г. данный показатель составлял 37,4%).

Отметим, что пенсионные накопления - долгосрочные инвестиции. Поэтому анализировать размер инвестиционного дохода целесообразно за период не менее одного года. В отдельные периоды может наблюдаться снижение доходности вследствие волатильности курсов иностранных валют, изменения рыночной стоимости финансовых инструментов, а также влияния инфляции.

В средне- и долгосрочной перспективе обеспечивается положительная реальная (превышающая накопленную инфляцию) доходность пенсионных накоплений.

Так, накопленная инвестиционная доходность с момента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году до 1 марта 2025 года с нарастающим итогом составила 962,28% при инфляции за весь период 851,90%.

Диверсификация инвестиционного портфеля, когда доход по одним инструментам перекрывает временные убытки по другим,

обеспечивает сохранность и устойчивую доходность пенсионных сбережений в долгосрочной перспективе. Инвестиционный доход в динамике за последние 3 года показывает стабильный рост, доходность пенсионных активов превышает уровень инфляции. По состоянию на 1 марта 2025 г. доходность пенсионных активов, управляемых Национальным банком Республики Казахстан (НБРК) и сформированных за счет обязательных, обязательных профессиональных и добровольных пенсионных взносов, за последние 12 месяцев, распределенная на счета вкладчиков (получателей), составила 13,74% при инфляции в размере 9,4%.

Также напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции. В случаях снижения доходности в отдельном периоде, повлиявшего на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».

Пресс-центр АО «ЕНПФ».

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР МҮЛІК САЛЫҒЫНАН БОСАТЫЛҒАН БА?

Сырдария ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде зейнеткерлер жеке тұлғалардың мүлік салығынан толығымен босатылатындығы туралы ақпарат таратылатынын хабарлайды. Дегенмен бұл ақпарат шындыққа жанаспайды.

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес бөлек тұратын зейнеткерлер заңды мекенжайы (олардың тұрғылықты мекенжайы) бойынша тек қана зейнеткерлер тіркелген барлық салық салу объектісінің жалпы құнынан айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшері шегінде босатылады. Есептеу барысында республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш мөлшері қолданылады.

